

## 2023 жылға Абай облысы Үржар ауданы бойынша жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 566 қаулысы. Күші жойылды - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 346 қаулысы

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 01.11.2023 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 6), 7), 8) және 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.06.2016 жылғы № 498 "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" және 26.05.2016 жылғы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрықтарына сәйкес, Үржар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының № 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының № 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы осы қаулының № 3 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

4. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін

жұмыс орындарының квотасы осы қаулының № 4 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

5. "Үржар ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тиісті шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

*Аудан әкімінің м.а.*

*Ә. Сарбаева*

Үржар ауданының әкімдігінің  
2022 жылғы 02 желтоқсан күнгі  
№ 566 қаулысына  
№ 1 қосымша

**Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыс-керлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	"Б.Момышұлы атындағы орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	153	3	5
2	"С.Сейфуллин атындағы орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	151	3	5
3	"Абай атындағы орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	3	4
4	"І.Жансүгіров атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	117	2	2
5	"Ә.Найманбай атындағы орта мектеп"	107		3

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі		3	
6	"Жарбұлақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2	2
7	"Науалы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	73	2	1
8	"Жүзағаш орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	68	2	1
9	"Қаратал орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	2	1
10	"Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	54	2	1
11	"Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	2	1
12	"Қарақол орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	52	2	1
13	"Тұрсабеков атындағы орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	51	2	1
14	"Тұрағұл Қоныр атындағы орта мектеп-бақша"	51		1

	коммуналдық мемлекеттік мекемесі		2	
15	"Қарабұлақ орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	51	2	1
16	"Некрасовка орта мектеп-бақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	51	2	1
	Барлығы:	1302		31

Үржар ауданының әкімдігінің  
2022 жылғы 02 желтоқсан күнгі  
№ 566 қаулысына  
№ 2 қосымша

### **Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскер-лердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	"Юбилейный" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2%	1

Үржар ауданының әкімдігінің  
2022 жылғы 02 желтоқсан күнгі  
№ 566 қаулысына  
№ 3 қосымша

### **Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскер-лердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	"Ярус" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	57	2%	1

Үржар ауданының әкімдігінің  
2022 жылғы 02 желтоқсан күнгі  
№ 566 қаулысына  
№ 4 қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық мәндегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің жедел басқару құқығындағы Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	171	0,5 %	1
2	Абай облысы ветеринария басқармасының " Үржар-Вет" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	144	1%	1
	Барлығы:	315		2